

жауапкершілік идеясының витальды күшін мен авторитетін қалпына келтіру, кейпін көрсету ниетін байқаймыз. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры екендігі және осы пікір өзінің қаншалықты нақтылығын бұл күнде әбден дәлелденді. Еліміздің де ақпарат ағымында бірге қалқып бара жатқанына көп уақыт өтпесе де, бұл күнде әр үйдің төрінен компьютердің қоныс тебуі, қазақ халқының жаңа бірегейлікті іздеу және қалыптасу үстінде екенін көреміз.

1. Титаренко А.И. «Антиидеи». Опыт социально-этического анализа. М., Политиздат, 1976. 399 с. - 202-203.

2. Проблемы глобализации и идентичности: Учебное пособие. Г. Бейсенова. Алматы, 2009. Print-S., - с 127.

3. Кириллова Н. Б. Медиакультура: от модерна к постмодерну. – М.: Академический Проект, 2005. – С. 7.

4. Бжезинский З. Соединенные Штаты превыше всего // Независимая газета. 1999, 24 ноября.

5. Сорос Дж. Новый взгляд на открытое общество. – М., 1997. – С. 14-15.

В данной статье выявляется сущность и место медиакультуры как феномена социальной действительности. Рассматриваются ее социальные функции, а также дается анализ медиакультурным концепциям Н. Б. Кирилловой.

This article reveals of between mediaculture of social function. And also is given analysis to mediaculture's concept to N. Kirilova.

А.Н. Шаңбаева

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРАҚАТЫНАСЫ

Адамзат тарихының күретаыры – мәдениет, ал мәдениеттің күретаыры адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген ұлттық құндылықтар болып табылады. Бұл – бәрімізге белгілі ақиқат. Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті.

Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен мақтанады. Елімізге келген шетелдіктер киелі қазақ жері мен елінің қасиетін осындай ұлттық нақышта жасалған дүниелеріміз арқылы танып-білуі қажет. Ол үшін өркениеттілікке ұмтылған, әлемді «жаһандық» билеген мына заманда қазақтың ұлттық бедерін айшықтап көрсетуіміз керек.

Мәдениет – халықтың ғасырлар бойы тамтұмдап жиналған рухани қазынасының төл басы, құтты тұяғы, ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Халық даналығының мерей-мақтанышы – мәдениеттің мыңдаған жылдық тарихы, бел-белестері, қалыптасу кезеңдері бар. Оларды талдап, танып түсіну үшін алдымен ұлттық мәдениет дегеніміз не, оны анықтап алу керек.

Ұлттық мәдениет халықтың ұзақ жылдар ішіндегі сұрыпталып жинақталған асыл да ардақты қазынасын құрайтын рухани игілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, таным-сенім, саналылық танытатын көзқарастар жүйесі, әлеуметтік

топтың, ұлттың, халықтың өмірдегі бет-бейнесі, зиялылығы, біліктілігі, басқа бір ұлттан, халықтан, нәсілден ерекшелендіріп көрсететін, айырып ажырататын тыныс-тіршілігінің, ғұмыр нәрінің бұлағы. Ол әдебиетті, өнерді, адамның шығармашылдығын, көркемдік, эстетикалық талғамдарын қалыптастырып дамытатын рухани өмірдің барлық салаларын қамтиды.

Қазақ ұлтының мәдениеті – оның ұлттық тарихының өнімді өзегі, құрамдас бөлігі, маңызды саласы. Сондықтан оны игеру, өз алдына ғылым ретінде танып, оқып үйрену қазақтың дейтін әрбір адамның азаматтық парызы, қасиетті борышы, тұрмыс-тіршілігінің таусылмас талабы, қажеттілігі. Рухани мәдениеттің тууы, өмірге келуі, дамып, сабақтастық тауып-сақталуы, сонымен бірге жалпы халықтық сипат алып, бүкіл бір этносты қорымды қамтып, кеңінен таралуы оның біртұтас бөлінбейтін құбылыс екенін аңғартады. Осы құбылыстың қайнар бастауына көз жіберсек қазақ халқының ертеде қалыптасқан үлгі-өнегесі, өрнегі мол өркениетті, ежелгі мәдениеті болғанын айқындайтын мағұлмат деректердің көп екендігін байқаймыз. Оларды адамзаттың алғашқы мекендерінің бірі болған қазақ даласындағы қазба жұмыстарының нәтижесінде археологтарымыз аз таппаған. Алғашқы қауымдық құрылыстың толық сипаттамасын берген олар осы алып даланың төсінде үлкен мәдениеттің ошағы, өнер-білім ордасы болған самғаған қалалардың өмір сүргенін де солардың деректемелері арқылы білуге болады.

Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев: “Қазақтар - ұлы өркениеттің мұрагерлері, тарихтың сан-сапалық күз-қияларына өзінің ұлттық “мен” дегізгерлік қасиеттерін алып шыға алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен қатар еселеп жаңарта білді” [1,15б.] - деп жазып, қазақ халқының мол мәдени мұраларының өміршеңдігіне баса назар аударады.

Ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтар бір-бірімен өте тығыз байланысты. Ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтарды біріктіретін нүктелер - екеуінің де адамның бүкіл рухани және қоғамдық өмірін қамтуы. Ұлттық мәдениет – бір ғана ұлттың дін, мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, тіл, экономика, тұрмыс-тіршілігінің үйлесімді жиынтығы. Ал, ұлттық құндылық әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының, басымдылықтарының саласы. Әрбір мәдениеттің өз құндылықтар кешені бар.

Адам баласы өмір сүріп отырған қоғамда ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтар мәселесі әубастан сөз болып, түрлі контексте талданып келе жатқаны ақиқат. Жалпы біз қазақ ұлттық мәдениеті мен ұлттық құндылықтарының қалыптасу, әрекет ету және даму өрісін қарастырайын деген ниеттеміз. Бұл екеуі бір-бірімен өте тығыз байланысты. Ең алдымен мәдениет ұғымын анықтап алсақ. Жалпы мәдениет туралы жүздеген анықтама бар:

1. Мәдениет адамның болмыс-тәсілі;
2. Ол – тұлғалық және қоғамдық қарым - қатынастарды реттеу тетігі;
3. Мәдениет – тұлғалық және мәдени өлшемдегі барлық құндылықтардың тұтастығы;
4. Мәдениет – ұрпақаралық сабақтастықты жүзеге асыратын тетік;
5. Мәдениет – адам жасампаздығы мен шығармашылық қабылеттілігінің, еріктілігінің негізі.

Мәдениет туралы ұғым анықтамалар қаншама көп болғанымен, олар үнемі бір-бірін толықтырып отырады. Мәдениеттің өзегін құндылықтар әлемі құрастырады. Мәдениет үнемі белгілі бір құндылықтық бағдарларды өндіріп отырады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мағыналар қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді.

Ұлттық мәдениетке кіретін нәрселер түрлі әдіс - тәсілмен, адамдардың қалауымен қалыптаспаған. Яғни жасанды емес. Өсімдіктердің, жануарлардың органикалық өмірі қалай өздігінен және табиғи түрде дамиды болса, ұлттық мәдениетке кіретін нәрселердің қалып-

тасуы мен дамуы дәл солай. Мысалы, тілдің бір сөзін де өзгерте алмаймыз. Оның орнына басқа бір сөз тауып қоя алмаймыз. Сондай-ақ тілдің өз құрылысынан туындайтын ережелердің біреуін де өзгерте алмаймыз.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, халықтың рухани өзегі, тілінің, дінінің тірегі – ұлттық мәдениеттің арқауы болып табылатыны баршамамызға аян. Ғасырдан - ғасырға, ұрпақтан - ұрпаққа ауысып келе жатқан ата дәстүрінің желісін үзбей халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздің қарашығындай сақтап, іргелі дамытып отыру өркенді де өнегелі іс.

Ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтар ара қатынасының басты көрінісі – екеуінің де сезімдерден құралатындығында екен. Адам сезімдері белгілі бір шарттарға және қалау - тілекке бағынбайды. Бір ұлт басқа бір ұлттың моральдық және эстетикалық сезімдеріне ілесе алмайды.

Ұлт дегеніміз – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық, қауымдық бірлестігінің жоғарғы түрі. Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар оның құрамына енген адамдар тобының материалдық тұрмыс жағдайларының, территориясымен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік хал-ахуалдығы сол ұлтқа тән кейбір этикалық ерекшелігінің ортақтығы болып табылады.

Ұлттық құндылықтар адам болмысының әртүрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Ұлттық құндылықтар - өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, еркек пен әйел арасындағы байланысқа, адам өмірінің мәніне деген бағалаушылық қатынас. Ұлттық құндылықтар ұлттың тек ежелден келе жатқан, ертеден меншіктенген қазынасы, игілігі, алтын қоры, асыл мұрасы ғана емес, сонымен қатар ұлттың бүгінгі күнде басқа халықтардан бұрын ойлап тапқан, бұрын қол жеткізген, бұрын игерген ғылымдағы, өндірістегі, мәдениеттегі, өнердегі бірінші табысы.

Жан - жақтағы басқа елдерге қарап, оны өзімізбен салыстырып отыру өте қажет нәрсе. Қазақта «жалғыз шапқан ат жүйрік» деген сөз бар. Ыбырай Алтынсаринның «ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай» - деуі тегін емес. Жалғыз шапқан ат өзіне өзі жүйрік көрінеді. Ол томаға тұйық, өзінің ұлттық дәстүрінен іргесін әлі ажырата алмаған, әрі орта ғасырда өмір сүретін мешеу халықтың, халық емес тайпаның логикасы. Ал біз жаңа логикаға көшуіміз керек. Әлемдегі халықаралық қауымдастықтардың толық қанды мүшесі болып отырған елдің өкіліміз. Бізге тәуелсіздік сарт етіп тегін түсе қалған жоқ, бұл біздің халқымыздың

сандаған ғасырлар бойғы даму жолындағы, үлкен арманға қол жеткізу барысындағы күресуіміздің нәтижесі. Сондықтан болашағымызға сенімсіздікпен қарау деген нәрселер болмауға тиіс. Өйткені біз жаңа қоғам орнатуда жаңа баспалдаққа аяқ басып отырмыз.

«Тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендік» ұғымдары қазіргі кезде Қазақстан халықтары ұлттық құндылықтарының ішіндегі ең бағалысы болып табылады, өйткені аталмыш екеуінсіз адамдардың тең құқықта өмір сүрулері мүмкін емес еді. Ал тең құқықсыз ешбір ұлттың да, ұлыстың да өз қалауынша тарихи, мәдени құндылықтарын яғни, діни сенімін, тілін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, этностық ырымдағдыларын империялық үстемдікпен ұмыттырылған қалпынан қайта жаңғыртуға ешқандай еркі болмағанын ашық айтуға тәуелсіздігіміздің, егемендігіміздің арқасында ғана шамамыз жеткені күмәнсіз.

Тәуелсіздік ұлттық қасиетті қадірлеуден, дәріптеуден басталса керек. Өз қадір-қасиетін білмеген ұлт басқа ұлттарға да, ұлыстарға да қадірсіз. Ұлттық қасиеттер ұлттық мәдениеттің шартты белгілері болып табылады.

Ұлт өзін-өзі сақтау үшін үнемі сергек өмір сүруі қажет. Бірақ сергектік тек қана ұлттық дәстүрді сол қалпында сақтау ғана емес, сонымен қатар, оны кемелдендіріп отыру пейілі, замана жетістігіне қарсы қою емес, керісінше, дәуірдің қол жеткізген игілік-табысын өз пайдасына шешіп отыру фәлсафасы.

Сергектік, меніңше, ұлттың әлем халықтарымен үзеңгі қағыстырып, қатар жүруі үшін ұдайы ізденісте болу, елгезектік таныту, жаңалық атаулыны тез арада игеріп, өз пайдасына жарата білу қабілеті, қасиеті және мінезі. Бойға, қанға сіңе алған жақсы әдет ертең оның қасиетіне айналады.

Кезінде фәлсафадан алдыңғы орынға шыққан немістер сол фәлсафаны өздерінің ұлттық құндылығына айналдырып жіберген болатын. Сол тұста фәлсафа ғылымын немістің ұлттық табысы ретінде таныған ойлар да айтыла бастаған еді – оған куә Гегельдің сөзі – ол фәлсафамен тек немістер ғана айналысуы қажет деген пікір білдірген еді. Енді бүгін тағы сол неміс халқы машина жасау өндірісінде қайыра озық шығып, іскер топқа, мемлекет қайраткерлеріне арналған уәкілді автомобильдерді тек солар ғана жасай алатындай ой қалыптастыратын жағдай туғызып отыр. Мерседес – ең озық уәкілді автомобиль. Ол – неміс жұртының ұлттық табысы, атадан балаға мирас ұлттық табысы, немістің қабілет – қарымын көрсететін ұлттық құндылығы. Бірақ, сол ұлттық игілікті сақтау үшін олар не істеп отыр деген сауалға келсек, біз қызық жағдайға тап

боламыз: олар уәкілді автомобиль рыногын қолдарынан шығарып алмау үшін үнемі ізденіс үстінде жүреді, сергектік танытады, ауыртпашылық кешеді, қиындық көреді. Жеңіс, табыс оңайлықпен келмейді, басқа қонатын бақтың да арғы атасы – еңбек.

Иә, біз киіз үйді ойлап таптық, ол – ешқашан ескірмес асыл қазына, бірақ бүгін қандай архитектуралық табысқа жеттік, жаңалық әкелдік? Сондықтан, мен үшін ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтар қатары ұдайы толықтырылып отырылуы қажет. Ұлттық мүдде болашақтағы ұлттық мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды да ескеретін арман-тілектерден тууы керек.

Ұлттық мәдениет ерекшелігі адамдардың отбасылық қарым-қатынасынан, ұлт азаматына тән адами қадір қасиетінен, ұлттық сезім, ұлттық мінез-құлықтан, салт-дәстүрден айқын байқалады, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтардан тұрады. Адамның бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалдық құндылықтар екені белгілі.

Ұлттық мәдениет ең алдымен ұлттық сезімнен тұрады. Ұлттық сезім дегеніміз – адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық дін мен ұлттық ділге деген сүйіспеншілігін білдіруі. Ұлттық сезім – адамды қоршаған ортаның сол ұлт өкіліне тартқан ерекше сыйы. Ұлттық сезім басқа сезімдер сияқты адамның жеке басының қанағаттануына, шаттануына немесе риза болмауына, қанағаттанбауына байланысты ой, қиял, әсер, түйсігінің сыртқа шыққан көрінісі. Мысалы, «Елім-ай» әнін ести отырып, тыңдаушының туған жер табиғатына деген сүйіспеншілік, шаттық сезімінің оянуы табиғи заңды құбылыс [22, 26 б.].

Мұның бәрі ұлттық мәдениеттің ұлттық рухани сезімді оятуға тигізен әсері. Адамның ана тіліне деген сүйіспеншілігі де ұлттық сезімнің ерекше бір түрі. Мысалы, ұзақ уақыт туған елден жырақ, жат жұртта жүріп, көпшілік ішінен өз ұлты өкілінің ана тілінде тіл қатуына елең етпейтін, іш тартпайтын азамат болмайды. Өйткені ана тілі – адамның ішкі сезімін басқаға жеткізуде көкейге тез оралатын, сезімнің сыртқа шығар көрінісін басқаға білдірудің күшті құралы. Ұлттық сезім ұлттық мәдениеттің өзекті тірегі.

Өткен ғасырда өмір сүрген даналарымыз халықты рухани-адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл – Фараби «Қайырымды қаланың қажеттілігін айтса», Ж.Баласұғын әділетті болуға шақырған. Абай «Адам бол» деп

нақты ойын көрсетсе, Шәкәрім ар-ұяттан адамзаттың ортақ тағдыры ғұламалардың сөздерін жандандыра түсуі және бәріміздің Ақиқатқа бет бұруымызды талап еткен. Өлкемізде ғасырлар қойнауынан ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтарымыз жете дамыған, сондықтан ұлттық құндылықтар ұлттық мәдениеттің ең жоғарғы биіктегі құбылыстары болып келеді және оған ұмтылу рухани дамудың бір қыры болып қалады.

Құндылық – ұлттың ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мүдденің, ұлттық салттың, ұлттық мінездің, ұлттық идеологияның даму барысына бағыт беріп отырады. Құндылықтар әлемі адамдықтың рухани іс-әрекеті, рухани байлығы, рухани мәдениеті. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәстүрліліктің даму деңгейіндегі ұлттық құндылықтың алатын орны ерекше. Көшпенділердің өмірі ұлттық құндылықтарға бай. Бұған дәлел – мақал-мәтелдер, жырлар мен аңыздардан құралған, оқиғаларға толы өткен тарихты білдіретін ауыз әдебиеті, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы. Елінің бостандығын, еркін өмірін уағыздаған, мәдениет пен өркениет жолына түсуіне үн қосқан ақын – жыраулардың, ағартушылар мен зиялылардың пікір, пайымдаулары ұмтылмайды. Олардың қазақ ұлттық мәдени құндылықтарына қосқан үлесі ұшан теңіз.

Адамзат тарихының беттерін ақтара отырып, әлем құрлықтарында өмір кешкен халықтар, ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күресіп келгенін білеміз. Еліміздің дербес, толық қанды ел, егеменді мемлекет болуы, халқымыздың ертеден бергі еркіндік үшін, туған жері – Отаны үшін күресінің жемісі. Бүгінгі таңдағы еліміздің әлемдік өркениет шеңберінде өз орны мен статусын алуға ұмтылысы заңды құбылыс. Өйткені, әр елдің, халықтың өзіндік болмысына тән мақсат – мұраты, яғни ұлттық идеологиясы бар. Ұлттық идеология – алға жетелейтін, болашақтан қол бұлғап шақыратын, халықтың арманы, мақсаты, ол болашақта қол жеткізуге жетелейтін қоғамдық-рухани сананың көрсеткіші. Осы тұрғыдан, Қазақстан халқының басты мақсаты: еркін халық болу; өзгелермен терезесі тең мемлекет болу; өз ішінде береке-бірлік пен ынтымақ орнаған халық болу. Бұл мақсатты жүзеге асырудың негізгі шарты – әрбір Қазақстан азаматының қатардағы қоғам мүшесі деңгейінен мемлекеттің саналы әрі белсенді азаматы, әрі өз Отанының, халқының нағыз патриоты дәрежесіне көтерілуі.

Отансүйгіштік - азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. «Азаматтық сана» – біліммен қаруланған, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған

жері мен елінің рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре білген, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті өткен мен келешек ұрпақ алдындағы парызымен ұштастыра білетін, ұлтжанды саналы азаматы болуды талап ететін құбылыс. Бізге қажетті - жаны да, қаны да қазақы халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен бірге сіңірген, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу, еліміздің елдігі мен бірлігін сақтайтын ұрпақ ты көтеру. Ол ең алдымен ұлттық мәдени және рухани құндылықтарды бағалаудан басталады. Мәдениеттің өзегін құндылықтар әлемі құрастырады.

Ұлттық құндылықтар дүниетаным ықпалымен қалыптасады, өйткені адам әрқашан өзінің әлеуметтік тәжірибесі барысында әр алуан көзқарастарды біріктіруге ұмтылады. Біз құндылықтық бағдарлардың қайта бағаланып жатқан өзгерістер дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Құндылықтар адамға қоршаған шындықты тануға мүмкіндік беретін мағыналар жүйесін толығымен қайта құрастырып отырады. Заттар мен құбылыстар сипаттамаларды табиғаттағы, қоғамдағы, адамдағы үрдістер бүтіндігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Адамның өз өмірлік әлеміне деген қатынасын – өзіне-өзі тиесілігі мен өзіндік мәртебесін құндылықтық құрылым анықтайды. Құндылықтық өлшемдер тұлғалық, топтық, этностық, әлеуметтік ауқымда шектелініп, оқшауланатын болса, онда руханилық құбылыстардың белең алмағаны, әлеуметтік субъектілердің зерделік-табиғи деңгейде шыға алмағаны болып табылады. Ал субъектінің руханилық деңгейде көтерілуі оның тек жеке басына әсер етіп қана қоймайды, ол рухани құндылықтардың қоғамда басым болуына ықпал етеді.

Ұлттық құндылықтар мен ұлттық мәдениетімізді, яғни ата-бабаларымыз қалдырып кеткен тәрбиелік адамгершілік жайлы мирастары ғылыммен, технологиямен жасандырылып, үнемі жаңарып, өмірге бейімделіп отырғанда ғана егеменді еліміздің еңсесі биік, тұғыры тұрақты болмақ. Ұлтымыздың әрбір мүшесінің мұңы жан түйсігімен түсінуге жағдай жасауға тиіспіз. Ол үшін алдымен болашақ ұрпақтың үлгісі болар біз өзіміздің ұлттық тарихымыздан, өнеріміз бен мәдениетімізден мол хабардар болуымыз керек.

1. Н. Назарбаев. «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы».

2. Е. Ғарифолла. «Қазақ философиясының тарихы». А., 2006/235б

3. Н. Назарбаев. «Тарих толқынында». А., 1999ж /218б.

4. Н. Назарбаев. «Сындарлы он жыл». А., 2003ж

/ 17, 24, 35 б.

* * *

В статье рассматриваются взаимоотношения национальной культуры и национальных ценностей.

* * *

In given article are considered mutual national culture and national value.

М.М. Карасартова, М.А. Сейдинова

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ ЛИЧНОСТИ

Правовая культура общества нуждается в систематическом рациональном формировании, стимулировании, позитивном социальном развитии. Система мер, направленных на формирование политико-правовых идей, норм, принципов, представляющих ценности мировой и национальной правовой культуры, выступает как правовое воспитание. Другими словами, правовое воспитание – это формирование у граждан и в обществе правовой культуры. Данный процесс осуществляется государственными органами, должностными лицами, учебными заведениями, обществом в целом.

Для формирования высокой правовой культуры необходимо усилить правовое воспитание. Как считают исследователи – эта одна из самых и многоплановых задач в правовой науке. Концепция правового воспитания и правовой культуры нуждается в совместно усилии философов, юристов, социологов, культурологов. Усвоение правовых норм происходит в течение всей жизни человека, независимо от его вероисповедания и профессии. Очевидно, что важным моментом в разработке концепции непрерывного правового образования является учет психологических составляющих правового сознания, вместе с тем, в процессе формирования правового сознания целенаправленно закладываются вполне определенные психические и психологические составляющие.

Обычно говорят о правовом воспитании в широком и узком смысле. В первом случае речь идет, скорее, не о правовом воспитании, а о правовой социализации человека, когда он «воспитывается» окружающей обстановкой в целом, всей юридической практикой и поведением людей, должностных лиц – представителей государственного аппарата в правовой сфере. При этом у людей, должностных лиц, государственных органов, осуществляющих правовую деятельность (правомерную или неправомерную), нет прямой цели оказать на других правовоспитательное воздействие. Однако такое воздействие на окружающих все-таки оказывается. Что касается правового

воспитания в узком смысле, то оно отличается своей целенаправленностью на повышение правовой культуры человека, группы людей и общества в целом.

Формирование правовой личности с развитым правовым сознанием требует вложения больших средств в нравственное и правовое воспитание и образование. Но это единственно верный путь – через сознание людей к их собственной безопасности и свободе в условиях непрерывного совершенствования и созидания. Воспитание определяется обычно как целенаправленное развитие человека, включающее освоение культуры, ценностей и норм общества, осуществляемое через образование, а также через организацию жизнедеятельности определенных общностей. В воспитании взаимодействует личность, семья, государство и общество, средства массовой коммуникации и т.д. Правовое воспитание – это целенаправленная деятельность по трансляции (передаче) правовой культуры, правового опыта, правовых идеалов и механизмов разрешения конфликтов в обществе от одного поколения к другому. Правовое воспитание имеет целью развитие правового сознания человека и правовой культуры общества в целом, призвано обеспечивать поведение, согласующееся с потребностями и ценностями правового государства. Сутью правового воспитания является формирование установки на согласование своих ожиданий, устремлений с интересами и ожиданиями общества. Для этого важно, чтобы потребности личности не противоречили потребностям общества и его ценностям.

Правовое воспитание тесно связано с правовым обучением: воспитание не может происходить без обучения, а обучение так или иначе оказывает и воспитательный эффект. Различие здесь можно провести, причем весьма условно, по сфере воздействия: воспитание влияет в основном на эмоционально-волевую, ценностную, мировоззренческую сторону сознания, а обучение – на когнитивно-рациональную, с целью информационно-ознакоми-